

ЖЕҢІЛДЕТЕТІН МӘН-ЖАЙЛАРДА АДАМ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ЗИЯН КЕЛТІРЕТІН ҚЫЛМЫСТАРДЫ САРАЛАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Конысбекова М.Р., Бакберген Б.

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қаласы

Бұл мақалада ҚР ҚК 111, 112, 113-баптары бойынша қылмыстарды саралау кезінде туындайтын мәселелер қарастырылады, соның ішінде алдын алу кезінде туындайтын қателер талданды. Маңызды мәселе - денсаулыққа ауыр зиянды абайсызда келтіруге байланысты қылмыстардан дұрыс ажыратуға көмектесетін индивидуализациялық белгілер талданды.

Тірек сөздер: денсаулық, аффект жағдайы, қажетті қорғаныс шегінен шығу, ауыр зиян.

В данной статье рассматриваются вопросы, возникающие при квалификации преступления по ст.111,112,113 УК РК, анализируются ошибки, которые чаще всего возникают у правоприменительной. Важным моментом являются индивидуализирующие признаки, помогающие правильно отграничивать неосторожное причинение тяжкого вреда здоровью от смежных по составу преступлений.

Ключевые слова: здоровье, состояние аффекта, повышение пределов необходимой обороны, тяжкий вред.

This article discusses the issues arising during the qualification of a crime under Articles 111, 112, 113 of the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan, analyzes the errors that most often occur during prevention. An important point is the individualizing signs that help to correctly distinguish the infliction of serious harm to health from crimes related to negligent harm.

Keywords. health, state of affect, increase of the necessary protective threshold, grave harm.

Кез-келген мемлекеттің басты міндеті адамның өмірі мен денсаулығын сақтау, әрине, денсаулыққа келтірген зиян үшін кінәлы тұлға жауапкершілікке тартылуы тиіс. Онымен қоса қылмыс жасаған тұлғаға қолданылатын әділеттілік принципіне сәйкес қылмыстың қоғамдық қаупінің сипаты мен деңгейіне, оны жасау жағдайы мен айыптының даралығына сәйкес келетін қылмыстық-құқықтық іс-қимыл шаралары қолданылуы тиіс. Бірақ, заң шығарушы қылмыстың жеңілдетілген жағдайларымен бөледі. Бұл жерде аффект жағдайында денсаулыққа зиян келтіруге ерекше рөл бөлінетін адам өлтірудің артықшылық құрамы туралы сөз қозғалуда, айыпты ерекше психикалық жағдайда әрекет жасайды, жәбірленуші айыптының әрекетін өзі арандатады. Бұнымен аффект жағдайында зиянды келтіру туралы мәселені зерттеудің өзектілігі анықталады. «Аффект» термині алғашқы рет 1998 жылғы 01 қаңтарда қолданысқа енгізілген 1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде бекітілген. ҚР ҚК-нің 111-бабымен аффект жағдайында денсаулыққа зиян келтіргені үшін жауапкершілік белгіленген [1, 136.].

Физиологиялық әсер адамның психикасын қалыпты күйден шығаратын, саналы интеллектуалды белсенділікті әлсірететін және ішкі ортаның шамадан тыс қарқындылығына әкелетін жоғары эмоционалды жарқылмен сипатталады.

Айта кету керек, заңда (Қылмыстық Кодекстің 103, 111-баптарында) бұл тек толқудың жай-күйі туралы ғана емес, сонымен бірге күшті эмоционалды толқулар туралы болмақ. Аффект кезінде жасалған бол үшін іс-әрекет аяқ асты, әрі кінәлі адам өзінің іс-әрекетін басқара, бақылай алмауы тиіс.

Физиологиялық әсерді адамның денсаулығына ауыр зиян келтіру кезінде қылмыстық жауапкершілігін жеңілдететін мән-жай деп тану үшін жәбірленушінің заңды емес мінез-құлқына реакция ретінде кенеттен пайда болуы керек. Күшті эмоционалды

толқудың кенеттен болуы оның кінәлі адам үшін күтпеген жерден пайда болуы деп түсінілуі керек [2, 1706.].

Адамның күшті эмоционалды толқуы әртүрлі жағдайлардың нәтижесінде пайда болуы мүмкін. Бірақ қылмыстық заң физиологиялық әсердің жай-күйін қылмыстық жауаптылықты жеңілдететін мән-жай деп таниды, егер ол жәбірленушінің Заңсыз мінез-құлқынан туындаса. ҚК-нің 111-бабының диспозициясында оны қолдану үшін ең болмағанда біреуін белгілеу қажет мән-жайлардың тізбесі айқындалған.

Ең алдымен, жәбірленуші тарапынан зорлық-зомбылыққа (соққы, ұрып-соғу, заңсыз бас бостандығынан айыру, мазақ ету, қорлау, кінәлінің ғана емес, оның отбасы мен туыстарының өміріне қауіп төндіру, қорқыту және т.б.) [3, 2516.].

Кінәлі адамның аффект жағдайында болған-болмағанын сот-психиатриялық сараптама жүргізу кезінде анықталады. Аффект жағдайы қысқа мерзімді, қарқынды эмоция екенін есте ұстаған жөн.

Қылмыстық теріс қылықтың объектісі - адам денсаулығы.

Қылмыстық теріс қылықтың объективтік жағы жәбірленушінің тарапынан болған зорлық-зомбылықтан, қорлаудан немесе ауыр балағаттаудан не жәбірленушінің өзге де құқыққа қайшы немесе бейморальдық әрекеттерінен (әрекетсіздігінен), сол сияқты жәбірленушінің жүйелі түрдегі құқыққа қайшы немесе бейморальдық мінез-құлқына байланысты туындаған ұзаққа созылған психиканы күйзелтетін ахуалдан болған кенеттен туындаған қатты жан күйзелісі (аффект) жағдайында жасалған денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтірумен сипатталады. Объективтік жағы бойынша ҚК-нің 111-бабында көзделген қылмыстық теріс қылық ҚК-нің 101-бабында көзделген қылмысқа ұқсас, өйткені олардың екеуін де аффект жағдайындағы адам жасайды. Мұндай жағдайдың белгілері ҚК-нің 101-бабына сәйкес мұқият талданды және оларды қайталаудың қажеті жоқ.

Осы санаттағы істерді қараған кезде физиологиялық аффект жәбірленуші тарапынан зорлық-зомбылықтан, қорлаудан немесе ауыр балағаттаудан не жәбірленушінің өзге де құқыққа қайшы немесе бейморальдық әрекеттерінен (әрекетсіздігінен), сол сияқты жәбірленушінің жүйелі түрдегі құқыққа қайшы немесе бейморальдық мінез-құлқына байланысты туындаған ұзаққа созылған психиканы күйзелтетін ахуалдан болған кенеттен туындағанын ескеру қажет.

Егер қатты жан күйзелісі жағдайында денсаулыққа байқаусыздан ауыр зиян немесе екі не одан да көп тұлғалардың денсаулығына орташа зиян келтірілсе, айыптының әрекеттерін ҚР ҚК-нің 111-бабы бойынша бағалаған дұрыс, қылмыс жасауға себеп болған жәбірленушінің құқыққа қайшы немесе бейморальдық мінез-құлқы жазалауды жеңілдететін жағдай ретінде ескерілуі тиіс (ҚК 53-бабының 10-тармағы) [4].

Жоғарыда көрсетілген мән-жайлардың салдарынан кенеттен туындаған қатты жан толқуының жай-күйі ҚК-нің 106-бабының 2, 3-бөліктері және 107-бабы бойынша, тіпті егер олар жәбірленушінің өліміне әкеп соқса немесе қинау, қорлау және т.б. сипатында болса да, денсаулыққа ауыр немесе ауырлығы орташа зиян келтірумен сараланбайды. ҚК-нің 111-бабы бойынша ауырлататын мән-жайлардың болуына қарамастан жауапкершілік туындайды [5].

ҚК-нің 111-бабы бойынша саралау үшін жәбірленушінің диспозициясында аталған заңсыз немесе азғындық мінез-құлық белгілерінің кез келгені жеткілікті, ол кінәліге де, оның жақын адамына да бағытталуы мүмкін.

Қылмыстық теріс қылықтың субъективтік жағы тікелей немесе жанама ниет (кенеттен пайда болған) түріндегі кінәмен сипатталады.

2014 жылғы 3 шілдедегі №226-V Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 15-бабы 1-тармағына сәйкес бұл қылмыстық теріс қылықтың субъектісі болып - 16 жасқа толған жеке ақыл-есі дұрыс адам болып танылады.

Құрылысына қарай қылмыстық теріс қылық материалды құрам болып табылады.

Қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде денсаулыққа ауыр зиян келтіру (112-бап) қылмыстың қоғамдық қауіптілігі оның нәтижесінде денсаулыққа ауыр зиян келтіретіндігінде көрінеді.

Қорғанушының және басқа да адамдардың жеке басы мен құқықтарын, сондай-ақ қоғамның және мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қоғамға қауіпті қолсұғушылықтан, оның ішінде қолсұғушы адамға зиян келтіру жолымен заңды түрде қорғау қажетті қорғаныс деп танылады (ҚК 32-бабы), егер қажетті қорғаныс шегінен шығу орын алмаса.

ҚР ҚК-тің 32-бабының 3-бөлігінде «нәтижесінде қолсұғушыға анық шектен тыс, жағдай мәжбүр етпейтін зиян келтірілетін, қолсұғушылықтың сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесіне қорғанудың анық сай келмеуі қажетті қорғаныс шегінен шығу деп танылады. Мұндай шектен шығу қасақана зиян келтірілген жағдайларда ғана қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғады» делінген.

Қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде денсаулыққа ауыр зиян келтіру қылмыстық жауапкершілікті жоққа шығармайды, бірақ оны осы қылмысты жасау арқылы адам өзін немесе басқа адамдарды не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қылмыстық қол сұғушылықтан қорғауға тырысады деген негізде жеңілдетеді. Көбінесе кінәлі адам қатты жүйке кернеуі, күшті психикалық қозу күйінде әрекет етеді, кейде қорқыныш жағдайында болады және қорқыныш сезімінде болады, сондықтан болып жатқан жағдайға дұрыс баға бере алмайды, сондай-ақ өзінің әрекеттерін толық басқару мүмкіндігінен айырылады.

Сот тәжірибесінде қорғаныс және қолсұғушылық шегін механикалық салыстыруға жол берілмейді. Екеуі әр түрлі, сол себепті әр жағдайда да соттар барлық мән - жайларды толық зерттеп, бағалау қажет. Сонымен қатар, қолсұғушылықтың сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесін, келтірілген зиянның сипатын, қолсұғушылық құралын, қолсұғушы адамның жеке басын, оның дене күшін, өшпенді және агрессиялық тәртібін ескеріп, қолсұғушының және қорғалушы адамның физикалық мүмкіндіктерін, сондай-ақ жынысын, жас көрсеткіштерін, денсаулығын, науқас болу (болмауы), қорғану және шабуыл құралын, шабуыл жасаушылардың және қорғанушылардың санын, уақытын, орнын, мән-жайларын, шабуыл кенеттігін, шабуыл жасаушының және қорғалушының жан-күйін салыстыру қажет.

Қылмыстың объектісі - адам денсаулығы.

Қылмыстың объективтік жағы қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде денсаулыққа ауыр зиян келтіретін әрекеттер жасаумен және іс-әрекеттер мен туындаған зардап арасындағы себептік байланыспен сипатталады. Денсаулыққа ауыр зиян белгілері ҚК-нің 1063-бабын талдау кезінде қарастырған болатынбыз. Қорғаныстық жауап әрекеттері жәбірленуші тарапынан қоғамға қауіпті қолсұғушылық жасалған кезде (шабуылдың нақты қаупі төнген жағдайларды қоспағанда және қолсұғушылық аяқталғаннан кейін, қорғанушы шабуылдың тоқтатылу сәті туралы білмеген кезде) жасалуға тиіс.

Қажетті қорғаныс шегінен шығу болып табылмайтын мән-жайларды білу қажет:

- адамның денсаулығына қолсұғушы адамға зиян келтіру;
- қарулы шабуылмен ұштасқан қолсұғушылыққа тойтарыс беру кезінде адамға зиян келтіру;
- қорғанушы адамның өмірі үшін зорлық-зомбылықтың тікелей қатерімен ұштасқан қолсұғушылыққа тойтарыс беру кезінде адамға зиян келтіру;
- өзге адамдардың өмірі үшін зорлық-зомбылықтың тікелей қатерімен ұштасқан қолсұғушылыққа тойтарыс беру кезінде адамға зиян келтіру;
- қорғанушы адамның өмірі үшін қауіпті зорлық-зомбылықпен ұштасқан қолсұғушылыққа тойтарыс беру кезінде адамға зиян келтіру;
- өзге адамдардың өмірі үшін зорлық-зомбылықпен ұштасқан қолсұғушылыққа тойтарыс беру кезінде адамға зиян келтіру;
- үй-жайға басып кірумен ұштасқан қолсұғушылыққа тойтарыс беру кезінде адамға зиян келтіру;

- егер қорғанушы қолсұғушылықтың кенеттен болуы салдарынан шабуыл қауіпінің дәрежесі мен сипатын объективті бағалай алмаса қажетті қорғаныс шегінен шығу болып табылмайды.

Қылмыс денсаулыққа ауыр зиян келтірілген сәттен бастап аяқталды деп саналады.

Субъективтік жағы тікелей немесе жанама қасақаналық түріндегі кінәмен сипатталады.

Бұл қылмыстық әрекеттің ниеті мен мақсаттары қылмыстық қауіпті әрекет болып табылмайды. Ниеті - құқық қорғау мүдделерін, өзін-өзі қорғауға деген ұмтылыс. Мақсаты - қоғамға қауіпті қол сұғушылықтан қорғау.

2014 жылғы 3 шілдедегі №226-V Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 15-бабы 1-тармағына сәйкес бұл қылмыстың субъектісі болып 16 жасқа толған жеке ақыл-есі дұрыс адам.

Қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру деп қорғанудың қол сұғушылықтың сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесіне айқын сәйкес келмеуі, соның салдарынан қол сұғушыға зиян келтіру танылады.

Құрылысына қарай қылмыс материалды құрам болып табылады.

Қылмыс жасаған адамды ұстап алу кезінде денсаулыққа ауыр зиян келтіру (113-бап). Қылмыстық жазаланатын іс-әрекет жасаған адамды мемлекеттік органдарға жеткізу және оның жаңа қолсұғушылық жасау мүмкіндігін тыю үшін ұстап алу кезінде оған зиян келтіру, егер мұндай адамды өзге амалдармен ұстау мүмкін болмаса және бұл ретте осы үшін қажетті шаралар шегінен шығуға жол берілмеген болса, қылмыстық құқық бұзушылық болып табылмайды.

Қылмысқа қарсы әрекеттерде, құқықбұзушыларды ұстау маңызды рөл атқарады. Қастандық істеушілерді ұстау, заңды әрекеттерінің қоғамдық тиімділігі басталған істің болдырылмауын, жаңа қылмыс жасауға жол бермеуін, кінәлінің жауапкершілікке тартылуын қамтамасыз етеді. Сондықтан, қылмыскерлерді ұстау мақсатында азаматтардың, қоғам өкілдерінің, құқық қорғау органдарының әрекеттері, қылмыспен күресудің маңызды нысанасы болып табылады.

Адамға анық шектен тыс, жағдай мәжбүр етпейтін қажетсіз зиян келтірілген кезде, ұсталатын адам жасаған құқық бұзушылықтың сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесіне және ұстап алудың мән-жайларына олардың анық сай келмеуі, қолсұғушылық жасаған адамды ұстап алу үшін қажетті шаралар шегінен шығу деп танылады. Мұндай шектен шығу қасақана зиян келтірілген жағдайларда ғана қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғады (ҚК-тің 34-бабы).

Қаралып отырған ҚК бабы бойынша жауапкершілікке тарту үшін, ең алдымен, кінәлінің жәбірленушіні ұстау үшін ҚР ҚПК-нің 128-бабында көзделген негіздерінің бар-жоғын, сондай-ақ ұсталған адамға зиян келтіру үшін ҚК-нің 34-бабында көзделген негіздердің бар-жоғын анықтау талап етіледі. Егер адамның денсаулығына ауыр зиян келтіру көрсетілген негіздер болмаған кезде жасалса, кінәлінің әрекеттерін ҚК-нің 113-бабы бойынша саралау алынып тасталады. Мысалы, егер адамды әкімшілік құқық бұзушылық (ұсақ бұзақылық) үшін ұстау кезінде немесе ұстаудан жалтаруға тырыспаған адамның денсаулығына ауыр зиян келтіру жасалса.

Қылмыс жасаған адамды ұстау үшін қажетті шараларды асыра қолдану кезінде олардың ұсталған адам жасаған қылмыстың сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесіне және адамға қажеттіліксіз шектен тыс, туындамайтын жағдай анық зиян келтірілген кездегі ұстаудың мән-жайларына анық сәйкес келмеуі денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру деп танылады. Бұл ретте, қоғамға қауіпті қолсұғушылық жасаған адамды ұстау құқығына оған арнайы уәкілеттігі бар адамдармен қатар жәбірленушілер мен басқа да азаматтар ие екенін ескеру керек.

Жәбірленушінің, сондай-ақ кез келген өзге азаматтың қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамды оның өзге де қолсұғушылықтар жасау мүмкіндігінің жолын кесу мақсатында ұстап алуға және оны қылмыстық қудалау органына немесе өзге де мемлекеттік билік

органына беру не жеткізу үшін оның жүріп-тұру еркіндігін шектеуге құқығы бар (ҚР ҚПК 130-б.).

Қылмыстың объектісі - басқа адамның денсаулығы.

Қылмыстың объективтік жағы денсаулыққа ауыр зиян келтіретін әрекеттерді жасаумен және қылмыс жасаған адамды ұстау үшін қажетті шараларды асыра пайдалану кезіндегі әрекеттер мен туындаған зардап арасындағы себептік байланыспен сипатталады. Денсаулыққа ауыр зиян белгілері ҚК-нің 106-бабын талдау кезінде қарастырылды.

Қылмыс жасаған адамды ұстау үшін қажетті шаралардың асып кету ұғымы ҚК-нің 103-бабын қарастырған кезде ашылған.

Субъективтік жағы тікелей немесе жанама қасақаналықпен сипатталады. Кінәлі адам ұстаудың рұқсат етілген шараларынан саналы түрде асып түседі, ұсталған адамның денсаулығына ауыр зиян келумүмкіндігін болжайды және осы зардаптардың болуын қалайды немесе саналы түрде оған жол береді. Қылмыс жасаған адамды ұстау кезінде абайсызда сол адамның денсаулығына ауыр зиян келтірсе қаралып отырған қылмыстың құрамын құрмайды.

Қол сұғушылық жасаған адамды ұстаудың мақсаты оны құқық қорғау органдарына жеткізу және оның басқа да қылмыстар жасауының алдын алу болып табылады. Ұстаудың мақсаты қандай болса да, ұсталушыға зиян келтіру, егер адамды басқа құралдармен ұстау мүмкіндігі болса, әрекеттің қылмыстылығын болдырмайтын жағдай болып табылмайды. Бұл туралы ҚК-нің 34-бабының 2-бөлігінде тікелей айтылған.

Қылмыс субъектісі - кәсіби қызмет пен арнайы дағдыны игеру түріне қарамастан, 16 жасқа толған, ақыл-есі дұрыс жеке тұлға, яғни құқық қорғау органдарының қызметкерлері де, басқа да адамдар бола алады (ҚР ҚПК 130-б.). Құқық қорғау органдарының лауазымды адамы қылмыскерді ұстау кезінде ұстау үшін қажетті шаралардан асып, ұсталушыға денсаулығына ауыр зиян келтірген жағдайларда, жауаптылық билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдаланғаны үшін жауаптылық туралы ҚК-нің бабы бойынша қосымша саралаусыз ҚК-нің 113-бабы бойынша туындайды.

Құрылысына қарай қылмыс материалды құрам болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Уголовное право Республики Казахстан. Учебник для вузов. Том 1. Особенная часть (главы 1 – 10) / отв. ред. И. Рогов, К. Балтабаев, А. Коробеев. – Алматы: Жеті жарғы, 2016. - С. 13- 90
2. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан / под ред. С.М. Рахметова, И.И. Рогова. – Алматы: ТОО «Издательство «Норма – К», 2016. - С.170 - 218.
3. Ағыбаев А.Н. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме. Жалпы және Ерекше бөліктер. – Алматы: Жеті Жарғы, 2015. – Б.251-297
4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Кодексі // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>
5. «Адамның өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстарды саралау туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 11 мамырдағы N 1 Нормативтік қаулысы // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P07000001S_